

2010 жылға ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2010 жылғы 13 шілдедегі № 188 шешімі. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 тамызда № 9-6-114 тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабының 3-тармағының 4) тармақшасына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысының 2-тармағына сәйкес Аманкелді аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. 2010 жылға ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуына бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с с е с с и я

төрағасы

Р. Есмағанбетов

Аудандық мәслихат хатшысы

Ж. Оташев

К Е Л І С І Л Д І :

"Аманкелді ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Т.Карбозов

13 шілде 2010 жыл

"Аманкелді ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

б а с т ы ғ ы

Е.Ещанов

13 шілде 2010 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК